

FTAMP 13.01.99

DOI 10.59941/2960-0642-2025-2-21-33

Білім теңсіздігі және мектепті дамыту саясаты: библиометриялық талдау (2014-2024)

Қ.М. Тайболатов¹, Е.Ж. Сармурзин^{2*}, А.А. Кудышева³, А.К. Аманова⁴

¹ Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ., Қазақстан Республикасы

² Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

³ Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

⁴ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

*sarmurzin_ye@buketov.edu.kz



Аңдатпа. Бұл мақалада 2014–2024 жылдар аралығында мектепті дамыту және білім теңсіздігін азайту мәселелері бойынша жүргізілген халықаралық зерттеулерге библиометриялық талдау ұсынылады. Зерттеу Scopus дерекқорының 2017 ғылыми жарияланымна сүйене отырып, VOSviewer бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Негізгі назар жарияланым белсенділігіне, жетекші журналдар мен авторларға, зерттеу желілеріне және жиі кездесетін тақырыптық бағыттарға аударылды. Нәтижелер бұл салада әсіресе 2020 жылдан кейін айтарлықтай ғылыми серпіліс байқалғанын көрсетті. Білім беру көшбасшылығы, мұғалімдердің кәсіби дамуы, әлеуметтік әділеттілік пен мектеп ішіндегі қолайлы орта тақырыптары басым болды. АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Аустралия елдері ғылыми өнімділік бойынша көш бастап тұр. Сонымен қатар мақалада «мақсатты мектептер» жобасы аясында Қазақстанда халықаралық тәжірибелерді бейімдеу жолдары қарастырылып, білім беру саясатына ғылыми негізделген, деректерге сүйенетін тәсілдер енгізудің маңыздылығы көрсетіледі.



Кілтті сөздер: мектепті дамыту, білім теңсіздігі, библиометриялық талдау, мақсатты мектептер; білім беру көшбасшылығы.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Тайболатов, Қ.М., Сармурзин, Е. Ж., Кудышева, А.А., Аманова, А.К. Білім теңсіздігі және мектепті дамыту саясаты: библиометриялық талдау (2014-2024) [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №2. – Б. 21-34.

Кіріспе

Білім теңсіздігі мәселесі – мектептегі білім беруді тұрақты дамыту мен жетілдіру туралы жаһандық дискурстың негізгі тақырыптарының бірі. Қазіргі заманғы зерттеулер білім беру мүмкіндікіндегі айырмашылық жеке тұлғалық және институционалдық деңгейден бастап, аймақтық

және макроэкономикалық факторларға дейінгі кең ауқымды себептердің ықпалымен қалыптасатынын көрсетеді. Бұл теңсіздік тек ресурстарға қол жеткізуде ғана емес, сонымен қатар сапалы білім алуда, оқу жетістіктерінде, дағдыларды дамыту мен білім беруді жалғастыру мүмкіндіктерінде де көрініс табады. Gong және әріптестері өз зерттеуінде білім беру

теңсіздігін болжау үшін саясат, әлеуметтік жағдайлар мен оқу нәтижелері арасындағы байланысты сипаттайтын модельді қолдануды ұсынады. Бұл тәсіл әсіресе аймақтық деңгейде басқару құрылымдарының өзара үйлесімді іс-әрекетінің маңызын көрсетеді [1].

Орталықтандырылмаған басқаруы бар елдердегі білім беру сапасын жақсарту контекстінде басқарудың деңгейлеріндегі іс-әрекеттердің дәйектілігі маңызды рөл атқарады. Green және Koebele мемлекеттік деңгейдегі мектеп реформасын жүзеге асырудың әртүрлі тәсілдері күш-жігерді үйлестіруге және өзгерістердің тиімділігіне қалай әсер ететінін талдай отырып, мектептер, білім беруді басқару органдары және басқа да мүдделі тараптар арасындағы жүйелі қолдау мен стратегиялық өзара іс-қимылсыз мектептердің тұрақты жақсаруы мүмкін емес деген қорытындыға келеді [2].

Мектеп өмірінің әлеуметтік және ұйымдастырушылық аспектілері де білім беру нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді. Dederling және Pietsch зерттеуі мектеп басшылығы мен ұжым арасындағы сенім, сондай-ақ педагогикалық инновацияларға дайындық мектеп ұйымының жалпы тиімділігімен тікелей байланысты екенін зерттейді [3]. Minguez-Alarcon және Martinez-Garrido жұмыстарында мектептегі ахуал оқушылардың мектепті аяқтамай, тастап кету қаупін алдын ала болжауға болатынын көрсетеді [4].

Зерттеулердің бір бағыты оқу процесінде қиындықтарға тап болатын этникалық топтардың өкілдеріне қалай көмектесу керектігін қарастырады. Demie F. Ұлыбританиядағы қара нәсілді және этникалық топтардағы оқушылардың үлгерімін арттырудың тиімді тәжірибелерін сипаттап, олардың мәдени ерекшеліктерін ескеретін мақсатты қолдаудың маңыздылығына назар аударады [5].

Қазіргі әдебиеттің тағы бір бағыты – білім беру тәуекелдерін анықтау үшін болжамды және статистикалық модельдерді қолдану. Атап айтқанда, Mosia және бірлескен авторлар жеке сипаттамаларды

ескере отырып, мектеп оқушыларының академиялық траекторияларын талдауға арналған тәсілді ұсынады [6]. Өз кезегінде, Algarawі әлеуметтік осал студенттер арасындағы білім беру нәтижелеріндегі теңсіздікті бағалау үшін машиналық оқыту мүмкіндіктерін көрсетеді. Бұл тәсілдер оқушылардың ықтимал қиындықтарын алдын-ала болжайтын «алдын-алу» білім беру моделі туралы айтуға негіз береді [7].

Мектеп басқару тәсілдеріндегі айырмашылықтар әр елдің білім беру жүйесінің ерекшелігіне байланысты маңызды рөл атқарады. Kelly P., Beck A., Hofbauer S. жүргізген зерттеу Англия, Шотландия және Германиядағы мектеп директорлары ғылыми деректерді түрліше пайдаланатынын айтады [8]. Бұл олардың мектептегі еркіндік деңгейіне, жауапкершілік жүйесіне және кәсіби даярлығына байланысты. Ал Quesel және зерттеушілер тобы Швейцарияда мектептердің дамуына деген қоғам үміттерін саралай келе, қазіргі таңда білім беру мекемелерінің икемді, бірақ ғылыми негізделген дамуына деген сұраныс артып келе жатқанын атап өтеді [9].

Халықаралық зерттеулердің бірі ретінде атаулы қолдау саясатын талдау ерекше назар аударуға тұрарлық. Blair және оның әріптестері үлгерімі төмен мектептерді тек қаржылай қолдаумен шектелмей, олардың нақты қажеттіліктеріне негізделген терең құрылымдық өзгерістерді де енгізу маңызды екенін алға тартады [10]. Мұндай көзқарас Массачусетс штатында жүзеге асырылған реформада да байқалды: Schueler және зерттеу тобы бұл жағдайда оқушылардың нәтижелері тек қосымша қаражаттың емес, сонымен қатар сыртқы басқарудың тиімділігі, мектеп қауымдастығының белсенді қатысуы және нақты қойылған мақсаттардың арқасында жақсарғанын айтады [11].

Қазақстанның контекстінде, әсіресе 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта және техникалық-кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында, мектептерді атаулы қолдауға бағытталған халықаралық тәжірибелерді ұлттық деңгейде бейімдеуге ұмтылыс ай-

қын көрініс табады [12]. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі нәтижесінде анықталған «мақсатты мектептер» жобасы үлгерімі төмен білім беру ұйымдарын анықтау, оларға жүйелі сүйемелдеу мен дамытуды қамтамасыз ететін ұлттық модельді қалыптастыруға негіз болып отыр.

Білім теңсіздігі мен мектеп сапасын арттыру мәселесі саласындағы зерттеулер білім беру жүйесіндегі әділеттілік пен тиімділікті қамтамасыз етудің тек жекелеген шараларға емес, жүйелі және пәнаралық тәсілдерге сүйенетінін көрсетеді. Халықаралық тәжірибе білім беру теңсіздігін еңсеру үшін деректерге негізделген шешім қабылдау, басқару ресурстарын қайта бөлу, мәдениетке бейімделген педагогикалық стратегиялар мен кәсіби көшбасшылықты дамыту қажет екенін дәлелдеді.

Еліміздегі «мақсатты мектептер» жобасы да осы бағыттағы жаһандық беталыстарды ұлттық білім беру саясатына біріктіруге бағытталған маңызды қадам болып отыр. Осы ғылыми және практикалық алғышарттарды ескере отырып, зерттеу мақсаты – 2014–2024 жылдар аралығындағы Scopus базасындағы жарияланымдарды библиометриялық тәсілмен сараптау арқылы білім теңсіздігі мен мектепті жақсарту саласындағы ғылыми ізденістердің негізгі халықаралық бағыттары мен тақырыптық фокустарын анықтау.

Зерттеу мақсатына сәйкес 5 зерттеу сұрағы анықталды:

RQ1: соңғы 10 жылдағы мектептегі жетілдіру және білім теңсіздігі тақырыбындағы басылымдардың өсу динамикасы қандай?

RQ2: қандай журналдар, авторлар және ғылыми ұйымдар осы салада жетекші орында?

RQ3: ғылыми дискурста қандай тақырыптық бағыттар мен негізгі ұғымдар басым?

RQ4: жариялау белсенділігінің географиялық ерекшеліктері қандай?

RQ5: мақсатты мектептерді қолдаудың қазақстандық моделіне қандай халықаралық тәсілдер сәйкес келуі мүмкін?

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу мектепті жақсарту, білім теңсіздігі және білім сапасының төмендігі мәселелері бойынша халықаралық ғылыми жарияланымдардың құрылымын, динамикасы мен мазмұнын зерттеуге бағытталған библиометриялық талдауға негізделген. Scopus негізгі дерекқор ретінде таңдалды, өйткені Scopus – әлеуметтік және білім беру ғылымдары бойынша рецензияланған дереккөздердің кең ауқымын қамтиды және библиометриялық зерттеулерді жүргізудің жетекші құралдарының бірі.

Іздеу стратегиясы зерттелетін мәселені көрсететін негізгі кілтті сөздердің жиынтығына негізделген. Кілтті сөздер ретінде "low-performing schools", "school improvement", "academic underachievement", "educational inequality", "educational quality", "targeted support" қолданылды. Алынған мәліметтерді сұрыптау үшін келесі сүзгілер қолданылды: жариялау кезеңі – 2014 жылдан 2024 жылға дейін, тіл – ағылшын тілі, құжат түрі – ғылыми мақалалар, пәндік салалар – әлеуметтік ғылымдар және білім беру. Сонымен қатар нақты кілт сөз сүзгісі (EXACTKEYWORD) орнатылды, бұл үлгіні жағдайлық зерттеулерге дейін тарылтуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде қосу критерийлеріне сәйкес келетін 2017 мақала таңдалды.

Соңғы үлгі Scopus базасынан CSV, RIS форматында экспортталды және библиометриялық карталарды құру және талдау үшін қолданылатын VOSviewer бағдарламалық жасақтамасына жүктелді.

Деректерді талдау келесі бағыттарда жүзеге асырылды. Біріншіден, жарияланым белсенділігінің жылдар бойынша өсу динамикасы анықталды, бұл тақырыпқа академиялық қызығушылықтың эволюциясын бақылауға мүмкіндік берді. Екіншіден, мектепті жақсарту, білім теңсіздігі

гі бойынша зерттеулер жарияланатын жетекші ғылыми журналдар анықталды. Үшінші бағыт осы саланың дамуына үлкен үлес қосатын жетекші авторлар мен ғылыми ұйымдарды талдау болды. Төртіншіден, жарияланым белсенділігі жоғары елдерді анықтауға мүмкіндік беретін географиялық талдау жүргізілді. Бесіншіден, авторлық желілерді (бірлескен авторлықты) талдауға ерекше назар аударылды, нәтижесінде ғылыми ынтымақтастық кластерлері бөлінді. Бұдан басқа, халықаралық жарияланымдарда үстемдік ететін негізгі тақырыптық бағыттарды белгілеуге мүмкіндік беретін кілтті сөздердің бірлескен кездесуіне талдау жүргізілді.


Нәтижелер

Жарияланым белсенділігін талдау соңғы онжылдықта мектепті жақсарту және білім теңсіздігі мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстар санының тұрақты өсуін көрсетті. Егер 2014 жылы Scopus дерекқорында

117 басылым тіркелген болса, 2019 жылға қарай бұл көрсеткіш 177-ге дейін өсті. 2020 жылы шамалы төмендеу байқалды – 166 басылымға дейін, алайда 2021 жылдан бастап өсім қайта тіркелді: 2021 жылы 193 мақала, 2022 жылы 195 мақала және 2023 жылы 201 мақала. Ең күрт өсу 2024 жылы жарияланымдар саны 289-ға жеткен кезде байқалады, бұл қарастырылып отырған кезеңдегі ең жоғары көрсеткіш (1-сурет).

Бұл нәтижелер ғылыми қоғамдастықтың білім беру сапасын жүйелі түрде арттыру мәселелеріне, әсіресе жаһандық сын-қатерлер мен әлеуметтік теңсіздіктің күшеюіне деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді. 2020 жылдан кейінгі басылымдардың әсіресе белсенді өсуі пандемиядан кейінгі кезеңдегі білім беру стратегияларын қайта бағалаумен және оқушылардың осал топтарына көбірек көңіл бөлумен байланысты болуы ықтимал.

Жарияланымдар саны (2014-2024)



1-сурет – Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланым белсенділігінің динамикасы

Мектептегі жетілдіру және білім беру теңсіздігі мәселелері бойынша зерттеулер жарияланатын ғылыми журналдарды талдау осы тақырыпты жүйелі түрде жариялайтын бірқатар мерзімді басылымдарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді (1-кесте). Жарияланымдардың

ең көп саны (51 мақала, бұл жалпы санның 2,5% құрайды) дамушы елдердегі білім беру саясаты, білім сапасы және реформалар саласындағы зерттеулерге маманданған International Journal of Educational Development журналында тіркелген.

Екінші орынды School Leadership and Management журналы алады (48 басылым, 2,3%), онда білім беру сапасын арттырудағы басқару стратегиялары мен мектеп көшбасшылығының рөліне баса назар аударылады. Үшінші орында – Education and Urban Society (44 мақала, 2,1%), ол теңсіздік мәселелерін және урбанизацияланған қауымдастықтардағы мектептегі білім берудің проблемалық аспектілерін қарастырады.

Сондай-ақ алғашқы ондыққа Sustainability Switzerland (38 мақала), School Effectiveness and School Improvement (35 мақала), Journal of Educational Administration (33 мақала), Educational Management Administration and Leadership (31 мақала), Education Sciences (31 мақала), білім беру өзгерістерінің журналы (24 мақала), сондай-ақ Improving Schools және Frontiers in Education (әрқайсысы 24 мақаладан).

Талдау нәтижесі қарастырылып отырған тақырып бойынша жетекші журналдар негізінен көшбасшылық, білім беруді басқару, тұрақты даму және мектеп ортасын реформалау мәселелеріне бағытталғанын көрсетеді. Бұл мәселеге ғылыми қызығушылықтың пәнаралық және жүйелік сипатын, сондай-ақ институционалдық және басқарушылық өзгерістер арқылы төмен нәтижелі мектептердің трансформациясына қатысты тақырыптардың жоғары басымдылығын көрсетеді.

Талдау нәтижесі қарастырылып отырған тақырып бойынша жетекші журналдар негізінен көшбасшылық, білім беруді басқару, тұрақты даму және мектеп ортасын реформалау мәселелеріне бағытталғанын көрсетеді. Бұл мәселеге ғылыми қызығушылықтың пәнаралық және жүйелік сипатын, сондай-ақ институционалдық және басқарушылық өзгерістер арқылы төмен нәтижелі мектептердің трансформациясына қатысты тақырыптардың жоғары басымдылығын көрсетеді.

1-кесте – Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланатын жетекші ғылыми журналдар

Журнал атауы	Жарияланым саны	% (N=2017)
International Journal of Educational Development	51	2,5
School Leadership and Management	48	2,3
Education and Urban Society	44	2,1
Sustainability Switzerland	38	1,8
School Effectiveness and School Improvement	35	1,7
Journal of Educational Administration	33	1,7
Educational Management Administration and Leadership	31	1,6
Education Sciences	31	1,5
Journal of Educational Change	24	1,5
Improving Schools	24	1,1
Frontiers in Education	24	1,1

Келесі кезекте, зерттеу тақырыбы бойынша жетекші авторларға талдау жасалынды. 2-кестеден көріп отырғанымыздай, мектептерде шешім қабылдау және білім беру саясатының тиімділігін арттыру үшін деректерді пайдалану саласында басылымдардың ең көп саны 12 мақала

ла бірлесіп жазған автор Schildkamp K. болды. Екінші орында VanGronigen, B. A. (Delaware University, АҚШ) және Jerrim, J. (University College London, Ұлыбритания), олардың әрқайсысы 8 басылымның авторы. Бұл авторлардың зерттеулері мектеп көшбасшылығынан бастап білім беру ин-

тервенцияларының тиімділігін бағалауға және әлеуметтік контексттің академиялық нәтижелерге әсерін бағалауға дейінгі тақырыптардың кең ауқымын қамтиды.

Одан кейін 6-7 басылымы бар авторлар: Kyriakides, L. (Кипр), Easterbrook, M. J. (Ұлыбритания), Vanhoof, J. (Бельгия), Poortman, C. L. және Meyers, C. V. (Нидерланды мен АҚШ). Сондай-ақ белсенді зерттеушілер Lynch, D. (Австралия), Liljenberg, M. (Швеция) және Jimerson, J. B. (АҚШ) болып табылады, олар өз жұмыстарында мектеп мәдениетін өзгерту, педагогтерді даярлау

және басқару стратегиялары контекстінде білім беру нәтижелерін арттыру мәселелерін көтереді.

Авторлық құрам әртүрлі елдерден – жетекші авторлар Батыс Еуропаны да, Солтүстік Американы да, Австралияны да, Кипрді де білдіреді. Бұл мәселенің халықаралық сипатын растайды және төмен нәтижелі мектептерді қолдаудың тиімді модельдерін жасауға жаһандық ғылыми қызығушылықтың бар екендігін көрсетеді.

2-кесте – Зерттеу тақырыбы бойынша жетекші авторлар

Автор	Ұйым атауы	Мемлекет, ел	Жарияланым саны
Schildkamp, K.	University of Twente	Netherlands	12
VanGronigen, B.A.	University of Delaware	United States	8
Jerrim, J.	University College London	London, United Kingdom	8
Kyriakides, L.	University of Cyprus	Cyprus	7
Easterbrook, M.J.	University of Sussex	Brighton, United Kingdom	7
Vanhoof, J.	Universiteit Antwerpen	Antwerpen, Belgium	6
Poortman, C.L.	Universiteit Twente	Enschede, Netherlands	6
Meyers, C.V.	University of Virginia	Charlottesville, United States	6
Lynch, D.	Southern Cross University	Lismore, Australia	6
Liljenberg, M.	Göteborgs Universitet	Gothenburg, Sweden	6
Jimerson, J.B.	Texas Christian University	Fort Worth, United States	6

Елдер бойынша жарияланым белсенділігін талдау мектепті жақсарту және білім беру теңсіздігі мәселелері бойынша ғылыми дискурстың дамуына үлкен үлес қосатын өңірлерді анықтауға мүмкіндік берді. 3-кестеде көрсетілгендей, жарияланымдар саны бойынша көшбасшы Америка Құрама Штаттары – 566 мақала, жалпы басылымның 28% құрайды. Екінші орында 257 басылымы бар Ұлыбритания (12,7%), онда мектеп көшбасшылығы, білім теңсіздігі және білім саясаттың тиімділігін бағалау

саласындағы зерттеулер тұрақты дамып келеді. Бірінші бестікке Германия (6,9%), Австралия (6,8%) және Испания (5,6%) кіреді, бұл Еуропалық Одақ елдерінде және ағылшын тілді академиялық кеңістікте белсенді жарияланымды көрсетеді.

Қытай (5,1%) және Нидерланды (4,3%) ерекше қызығушылық тудырады, онда соңғы жылдары білім беруді теңестіру мәселелеріне қызығушылық айтарлықтай өсті. Швеция, Канада, Италия және

Оңтүстік Африка сияқты үздік 10 елдің болуы проблематиканың әмбебап сипатқа ие екендігін және әртүрлі мәдени және

саяси-экономикалық контексте қарастырылатындығын көрсетеді.

3-кесте – Жарияланымдар саны бойынша алдыңғы қатарлы елдер/аймақтар

Ел / аймақ атауы	Жарияланым саны	% (N=2017)
United States	566	28
United Kingdom	257	12,7
Germany	140	6,9
Australia	138	6,8
Spain	113	5,6
China	104	5,1
Netherlands	88	4,3
Sweden	60	2,9
Canada	52	2,5
Italy	47	2,3
South Africa	46	2,2

Ғылыми ынтымақтастықты картаға түсіру бірнеше тұрақты зерттеу кластерлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, олардың әрқайсысы ғалымдарды мектепті жақсарту және білім теңсіздігі саласындағы ортақ мүдделермен біріктіреді. 2-суретте осы бірлескен авторлық желілердің визуализациясы көрсетілген, онда еларалық байланыстар да, тақырыптық бағыттар да байқалады.


Құрылымы жағынан ең тығыз кластерлердің бірі – Elizabeth Washbrook, Jane Waldfogel, Thorsten Schneider және басқа авторлар әлеуметтік стратификация, білім беру саясаты және мүмкіндіктер теңсіздігі бойынша зерттеулер аясында белсенді өзара әрекеттеседі. Бұл топтағы байланыстардың қарқындылығы ұзақ мерзімді және нәтижелі ғылыми ынтымақтастықты көрсетеді.

Қызықты конфигурацияны Georg Lorenz, Herman G. van de Werfhorst және Fenella

Fleischmann орналасқан топ көрсетеді. Олардың жарияланымдары білім беру жүйелерін салыстырмалы талдауға, этникалық шығу тегі мен білім беру ұтқырлығының әсеріне бағытталған.

Авторлардың біртұтас тобы Elina Kilpi-Jakonen айналасында да қалыптасты, олардың зерттеулері көші-қон, отбасылық мәртебе және білім беру траекториялары мәселелерін қамтиды. Бұл кластерде Hans-Peter Blossfeld, Nevena Kulic және Moris Triventi белсенді қатысады, бұл қалыптасқан академиялық ынтымақтастық мектебін көрсетеді.

Оқушылардың қатысуы, психологиялық климат және мектеп ортасы тақырыптарына бағытталған Easterbrook M.J. және Peter R. Harris кластері оқшауланған, бірақ маңызды зерттеулерді ұсынады. Michael Grätz және Jani Erola кіретін тағы бір топ автономды, бірақ әдістемелік жағынан ұқсас жобаларды ұсынуы мүмкін.



2-сурет – Зерттеушілер арасындағы бірлескен зерттеу желілері

Ғылыми жарияланымдардың тұжырымдамалық мазмұнын анықтау үшін мақалалардың аңдатпалары мен ұсынылған кілтті сөздерге талдау жүргізілді. Алынған нәтижелер 3-суретте көрсетілген, мұнда әрбір түс тобы семантикалық ұқсастық бойынша біріктірілген тақырыптық кластер болып табылады.

Ең айқын – жасыл кластер, оның орталығы мектепті жетілдіру (*school improvement*) ұғымын қалыптастырады. Мұнда кәсіби даму (*professional development*), мұғалімдер көшбасшылығы (*teacher leadership*), мектеп мәдениеті (*school culture*), саясат (*policy*), менеджмент (*management*) және білім беру реформасы (*educational reform*) сияқты терминдер шоғырланған. Бұл кластер мектептегі білім беру сапасын арттырудың институционалдық және басқарушылық аспектілеріне, сондай-ақ педагогтер мен мектеп әкімшілігінің трансформация процестеріндегі рөліне назар аударады.

Тығыздығы бойынша екінші орында – қызыл кластер, онда білім теңсіздігі (*educational inequality*) және білім беру деңгейлері (*educational attainment*) ұғымдары басым. Мұнда әлеуметтік стратификацияға, білімге қол жеткізуге, гендерлік және этникалық теңсіздікке, сондай-ақ ұрпақтар арасындағы білім беру ұтқырлығының салдарына қатысты тақырыптар біріктірілген.

Көк кластер демографиялық және психоәлеуметтік айнымалыларды көрсетеді. Онда жасына, денсаулығына, когнитивті сипаттамаларына, сондай-ақ білім беру мәртебесі (*educational status*) ұғымына қатысты терминдер басым. Мұнда мектеп білім алушыларының осал топтары мен олардың үлгеріміне әсер ететін факторларға қатысты сұрақтар көтеріледі.

Сары кластер медициналық және кәсіби білім беру тақырыптарын қамтиды және педагогика мен оған іргелес сала-

мен авторлар анықталды. Атап айтқанда, Schildkamp K. (Twente University) және Jeremy J. (UCL) сияқты авторлардың зерттеулері деректерге негізделген басқару және білім беру әділдігі тақырыптарын қамтиды [14]. School Leadership and Management және International Journal of Educational Development журналдары әртүрлі елдердің білім беру жүйелеріндегі реформаларды сыни тұрғыдан түсінуге арналған платформа ұсынады. Бұл ретте қазақстандық зерттеу ұйымдары іс жүзінде ұсынылмаған, бұл ұлттық білім беру реформаларының ғылыми құрамдас бөлігін нығайту қажеттігін көрсетеді.

Үшінші зерттеу сұрағы бойынша (RQ3) бойынша кілт сөздерді тақырыптық талдау бірнеше тұрақты бағыттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: өзгерістерді басқару, білім беру көшбасшылығы, білім теңсіздігі, кәсіби даму және мектеп мәдениеті. Осындай тақырыптық кластерлер құрылымын бұған дейін Easterbrook және әріптестері сипаттаған болатын, олар мектептердегі мәдени трансформация мен психологиялық ахуалдың маңыздылығына ерекше назар аударады [15].

Төртінші зерттеу сұрағы бойынша (RQ4) жоғары дамыған білім беру жүйелері бар елдерде жариялау белсенділігінің айтарлықтай шоғырлануын көрсетті. Германия, Ұлыбритания, АҚШ және Нидерландыға арналған жұмыстар (мысалы, Blossfeld et al., 2024; Lorenz, 2021) [16, 17], бұл елдер мектеп ортасын реформалау және кадрлық әлеуетті дамыту арқылы білім беру мүмкіндіктерін теңестіру мәселелерін қалай шешетінін көрсетеді.

Зерттеудің бесінші сұрағына (RQ5) келетін болсақ, алынған деректер мақсатты мектептерді қолдаудың қазақстандық моделі шеңберінде бейімделуі мүмкін бірнеше халықаралық тәсілдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, әдебиеттерде көшбасшылықты, кәсіби дамуды және шешім қабылдау кезінде деректерге сүйенуді қамтитын көп деңгейлі тәсілдің маңыздылығы көрсетілген [18, 19].

Алынған зерттеу нәтижелері «мақсатты мектептер» жобасының жаһандық ғылы-

ми жетістіктерге сүйене отырып, негізделген даму үшін жоғары әлеуеті бар екенін көрсетеді. Алайда, бұл әлеуетті іске асыру институционалдық ашықтықты, тұрақты ғылыми сүйемелдеуді және қазақстандық тәжірибені халықаралық контекстке біріктіруді талап етеді.

Қорытынды

Жүргізілген библиометриялық шолу соңғы онжылдықта білім беру саласында мектепті дамыту, теңсіздікті еңсеру және көшбасшылықты нығайтуға бағытталған зерттеулердің саны артып келе жатқанын көрсетті. 2014–2024 жылдар аралығындағы Scopus базасындағы 2017 ғылыми жарияланымға жүргізілген талдау білім беру теңсіздігін азайтуға бағытталған интервенциялар тек педагогикалық әдістермен ғана емес, сонымен қатар институционалдық басқару, деректерге сүйенген шешім қабылдау және әлеуметтік әділеттілік қағидаттары негізінде іске асырылатынын көрсетті.

Бұл бағыттағы халықаралық тәжірибе мен ғылыми үрдістер Қазақстанда жүзеге асып жатқан «мақсатты мектептер» жобасы үшін өзекті. Жоба тек білім сапасын арттыруды емес, мектептерді кешенді трансформациялауды мақсат етуі тиіс. Осы мақсатқа жету үшін деректермен жұмыс істейтін кәсіби қауымдастықтар құру, мектепшілік зерттеулер жүргізу және білім алушылар мен педагогтердің белсенді қатысуына негізделген мәдени орта қалыптастыру маңызды.

Анықталған зерттеу трендтері білім беру саясатының әлеуметтік, мәдени және басқарушылық контекстпен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Қазақстан үшін бұл – шетелдік модельдерді көшіру емес, ұлттық болмысты ескеретін, ғылыми негізделген әдістемелік тәсілдерді дамытудың қажеттілігін айқындайды. Сонымен қатар, бұл зерттеу еліміздің жаһандық ғылыми кеңістікке интеграциялануына, ғылыми серіктестік орнатуына және білім берудің әділ әрі сапалы болашағын құруына негіз бола алады.

Қаржыландыру туралы ақпарат: Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP27510507).

Қолданылған деректер тізімі

- Gong, A., He, W., Ge, G., Yang, C., Li, Sh. Predicting global educational inequality with a hierarchical belief rule base model // *Scientific Reports*. – 2025. – Vol. 15, №1. – Article 12373. – DOI: <https://doi.org/10.1038/s41598-025-97390-9>
- Green, J.E., Koebele, E.A. Coordinating school improvement: Understanding the impact of state implementation approach on coordination in multilevel governance systems // *Review of Policy Research*. – 2025. – Vol. 42, №2. – P. 188–211. – DOI: <https://doi.org/10.1111/ropr.12612>
- Dederer, K., Pietsch, M. School leader trust and collective teacher innovativeness: on individual and organisational ambidexterity's mediating role // *Educational Review*. – 2025. – Vol. 77, №2. – P. 351–380. – DOI: <https://doi.org/10.1080/00131911.2023.2195593>
- Minguez-Alarcon, L., Martinez-Garrido, C. School Climate as Predictor of Dropout Risk in Secondary Education: A Comparative Study // *Education and Urban Society*. – 2024. – Vol. 56, №2. – P. 123–144. – DOI: <https://doi.org/10.1177/00131245231155689>
- Demie, F. Black and ethnic minority achievement in schools: Strategies and Successful Practice to Tackle Inequality. – London: Routledge, 2025. – 242 p. – DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003499633>
- Mosia, M., Egara, F., Nannini, F., Basitere, M. Bayesian Growth Curve Modelling of Student Academic Trajectories: The Impact of Individual-Level Characteristics and Implications for Education Policy // *Applied Sciences (Switzerland)*. – 2025. – Vol. 15, №3. – Article 1426. – DOI: <https://doi.org/10.3390/app15031426>
- Algarawi, N. Examining Educational Outcomes of Disadvantaged Youth Using Machine Learning // *Journal of Educational Data Mining*. – 2024. – Vol. 16, №1. – P. 32–47. – DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.10563323>
- Kelly, P., Beck, A., Hofbauer, S. Comparing school leaders' experiences of research use in England, Scotland and Germany // *Review of Education*. – 2025. – Vol. 13, №1. – Article e70058. – DOI: <https://doi.org/10.1002/rev3.70058>
- Quesel, C., Mittag, M., Moeser, G. Educate Northwest Helvetia: a Delphi study on public schooling in Switzerland // *Foresight*. – 2025. – Vol. 27, №3. – P. 578–594. – DOI: <https://doi.org/10.1108/FS-07-2024-0125>
- Blair, D., Atchison, D., Le Floch, K.C. Investing in Improvement: A Critical Look at Funding for Low-Performing Schools // *Educational Policy*. – 2025. – DOI: <https://doi.org/10.1177/08959048251318626>
- Schueler, B.E., Goodman, J., Deming, D.J. Can States Take Over and Turn Around School Districts? Evidence from Lawrence, Massachusetts // *Educational Evaluation and Policy Analysis*. – 2022. – Vol. 44, №1. – P. 88–110. – DOI: <https://doi.org/10.3102/01623737211051435>
- Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы [Электронный ресурс] // Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249> (дата обращения 01.02.2025)
- Schildkamp, K., Karbautzki, L., Vanhoof, J. Exploring data use practices around Europe: Identifying enablers and barriers // *Studies in Educational Evaluation*. – 2014. – Vol. 42. – P. 15–24. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2013.10.007>
- Jerrim, J., Vignoles, A. University access for disadvantaged children: a comparison across countries // *Higher Education*. – 2015. – Vol. 70, №6. – P. 903–921. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s10734-015-9878-6>
- Easterbrook, M., Nieuwenhuis, M., Fox, K. J., Harris, P. R., Banerjee, R. 'People like me don't do well at school': The roles of identity compatibility and school context in explaining the socioeconomic attainment gap // *British Journal of Educational Psychology*. – 2022. – Vol. 92, № 3. – P. 1178–1195. – DOI: <https://doi.org/10.1111/bjep.12494>
- Blossfeld, P.N., Katrák, T., Manea, B. C. Parental Educational Homogamy and Children's Tertiary Education in Europe // *Comparative Population Studies*. – 2024. – Vol. 49. – P. 243–272. – DOI: <https://doi.org/10.12765/CPoS-2024-10>
- Lorenz, G. Subtle discrimination: do stereotypes among teachers trigger bias in their expectations and widen ethnic achievement gaps? // *Social Psychology of Education*. – 2021. – Vol. 24, №2. – P. 537–571. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11218-021-09615-0>
- Harris, A., Jones, M. Why context matters: a comparative perspective on education reform and policy implementation // *Educational Research for Policy and Practice*. – 2018. – Vol. 17, №3. – P. 195–207. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s10671-018-9231-9>
- Poortman, C.L., Schildkamp, K. Solving student achievement problems with a data use intervention for teachers // *Teaching and Teacher Education*. – 2016. – Vol. 60. – P. 425–433. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.tate.2016.06.010>

References

- Gong, A., He, W., Ge, G., Yang, C., Li, Sh. Predicting global educational inequality with a hierarchical belief rule base model // *Scientific Reports*. – 2025. – Vol. 15, №1. – Article 12373. – DOI: <https://doi.org/10.1038/s41598-025-97390-9>
- Green, J.E., Koebele, E.A. Coordinating school improvement: Understanding the impact of state

- implementation approach on coordination in multilevel governance systems // *Review of Policy Research*. – 2025. – Vol. 42, №2. – P. 188–211. – DOI: <https://doi.org/10.1111/ropr.12612>
3. **Dederer, K., Pietsch, M.** School leader trust and collective teacher innovativeness: on individual and organisational ambidexterity's mediating role // *Educational Review*. – 2025. – Vol. 77, №2. – P. 351–380. – DOI: <https://doi.org/10.1080/00131911.2023.2195593>
 4. **Minguez-Alarcon, L., Martinez-Garrido, C.** School Climate as Predictor of Dropout Risk in Secondary Education: A Comparative Study // *Education and Urban Society*. – 2024. – Vol. 56, №2. – P. 123–144. – DOI: <https://doi.org/10.1177/00131245231155689>
 5. **Demie, F.** Black and ethnic minority achievement in schools: Strategies and Successful Practice to Tackle Inequality. – London: Routledge, 2025. – 242 p. – DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003499633>
 6. **Mosia, M., Egara, F., Nannini, F., Basitere, M.** Bayesian Growth Curve Modelling of Student Academic Trajectories: The Impact of Individual-Level Characteristics and Implications for Education Policy // *Applied Sciences (Switzerland)*. – 2025. – Vol. 15, №3. – Article 1426. – DOI: <https://doi.org/10.3390/app15031426>
 7. **Algarawi, N.** Examining Educational Outcomes of Disadvantaged Youth Using Machine Learning // *Journal of Educational Data Mining*. – 2024. – Vol. 16, №1. – P. 32–47. – DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.10563323>
 8. **Kelly, P., Beck, A., Hofbauer, S.** Comparing school leaders' experiences of research use in England, Scotland and Germany // *Review of Education*. – 2025. – Vol. 13, №1. – Article e70058. – DOI: <https://doi.org/10.1002/rev3.70058>
 9. **Quesel, C., Mittag, M., Moeser, G.** Educate Northwest Helvetia: a Delphi study on public schooling in Switzerland // *Foresight*. – 2025. – Vol. 27, №3. – P. 578–594. – DOI: <https://doi.org/10.1108/FS-07-2024-0125>
 10. **Blair, D., Atchison, D., Le Floch, K.C.** Investing in Improvement: A Critical Look at Funding for Low-Performing Schools // *Educational Policy*. – 2025. – DOI: <https://doi.org/10.1177/08959048251318626>
 11. **Schueler, B.E., Goodman, J., Deming, D.J.** Can States Take Over and Turn Around School Districts? Evidence from Lawrence, Massachusetts // *Educational Evaluation and Policy Analysis*. – 2022. – Vol. 44, №1. – P. 88–110. – DOI: <https://doi.org/10.3102/01623737211051435>
 12. **Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya doshkol'nogo, srednego, tekhnicheskogo i professional'nogo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan na 2023 – 2029 gody** [On approval of the Concept of development of preschool, secondary, technical and vocational education of the Republic of Kazakhstan for 2023 – 2029 years] [Elektronnyj resurs] // *Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 28 marta 2023 goda № 249*. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P23000000249> (data obrashcheniya 01.02.2025)
 13. **Schildkamp, K., Karbautzki, L., Vanhoof, J.** Exploring data use practices around Europe: Identifying enablers and barriers // *Studies in Educational Evaluation*. – 2014. – Vol. 42. – P. 15–24. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2013.10.007>
 14. **Jerrim, J., Vignoles, A.** University access for disadvantaged children: a comparison across countries // *Higher Education*. – 2015. – Vol. 70, №6. – P. 903–921. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s10734-015-9878-6>
 15. **Easterbrook, M., Nieuwenhuis, M., Fox, K. J., Harris, P. R., Banerjee, R.** 'People like me don't do well at school': The roles of identity compatibility and school context in explaining the socioeconomic attainment gap // *British Journal of Educational Psychology*. – 2022. – Vol. 92, № 3. – P. 1178–1195. – DOI: <https://doi.org/10.1111/bjep.12494>
 16. **Blossfeld, P.N., Katrák, T., Manea, B. C.** Parental Educational Homogamy and Children's Tertiary Education in Europe // *Comparative Population Studies*. – 2024. – Vol. 49. – P. 243–272. – DOI: <https://doi.org/10.12765/CPoS-2024-10>
 17. **Lorenz, G.** Subtle discrimination: do stereotypes among teachers trigger bias in their expectations and widen ethnic achievement gaps? // *Social Psychology of Education*. – 2021. – Vol. 24, №2. – P. 537–571. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11218-021-09615-0>
 18. **Harris, A., Jones, M.** Why context matters: a comparative perspective on education reform and policy implementation // *Educational Research for Policy and Practice*. – 2018. – Vol. 17, №3. – P. 195–207. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s10671-018-9231-9>
 19. **Poortman, C.L., Schildkamp, K.** Solving student achievement problems with a data use intervention for teachers // *Teaching and Teacher Education*. – 2016. – Vol. 60. – P. 425–433. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.tate.2016.06.010>

Неравенство в образовании и политика развития школ: библиометрический анализ (2014–2024)

К.М. Тайболатов¹, Е.Ж. Сармурзин², А.А. Кудышева³, А.К. Аманова

¹Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, г. Астана, Республика Казахстан

²Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда,

Республика Казахстан

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени Ө. Жәнібекова, г. Шымкент, Республика Казахстан

⁴Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан



Аннотация. В статье представлен библиометрический анализ международных исследований в области школьного улучшения и снижения образовательного неравенства за 2014–2024 годы. Анализ проведён на основе 2017 публикаций из базы данных Scopus с использованием программы VOSviewer. Основное внимание уделено исследованию публикационной активности, ведущих журналов и авторов, научных сетей и тематических кластеров. Результаты показали значительный рост интереса к теме после 2020 года. Наиболее актуальными направлениями стали образовательное лидерство, профессиональное развитие учителей, социальная справедливость и школьный климат. США, Великобритания, Германия и Австралия продемонстрировали наибольшую научную активность. В статье также рассматриваются пути адаптации международного опыта в Казахстане в рамках проекта «Целевые школы» и подчёркивается необходимость внедрения научно обоснованных, основанных на данных подходов в образовательную политику.



Ключевые слова: развитие школ, образовательное неравенство, библиометрический анализ, целевые школы, образовательное лидерство.

Educational Inequality and School Development Policy: A Bibliometric Analysis (2014–2024)

K.M. Taibolatov¹, Y.Zh. Sarmurzin², A.A. Kudysheva³, A.K.Amanova⁴

¹National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, Republic of Kazakhstan

² Karaganda Buketov University, Karaganda, Republic of Kazakhstan

³South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov, Shymkent, Republic of Kazakhstan

⁴ L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan



Abstract. This article presents a bibliometric analysis of international research on school improvement and educational inequality conducted between 2014 and 2024. The study is based on 2017 publications from the Scopus database and was carried out using the VOSviewer software. The analysis focused on publication activity, leading journals and authors, research networks, and thematic clusters. The results reveal a growing academic interest in the topic, especially after 2020. Key research themes include educational leadership, teacher professional development, social justice, and school climate. The United States, United Kingdom, Germany, and Australia lead in scientific output. The article also discusses ways to adapt international approaches in Kazakhstan within the framework of the “Target Schools” project and emphasizes the importance of implementing evidence-based and data-informed strategies in education policy.



Keywords: school improvement, educational inequality, bibliometric analysis, target schools, educational leadership.

Матеріал баспаға 20.02.2025 келіп түсті